



Автокөлік жарақаты оның және түрлері. Автокөлік жарақатындағы жарақаттардың ерекшеліктері және оның бұзылу механизмдері. Жол көлік оқиғасы болған жерді қарау және оларға сот-медициналық сараптамасының жасау ерекшеліктері. Темір жол жарақаты және олардың түрлері.

**Орындағандар: Алимбаев Б.,
Әбдуәли Н., Жұмабаев А.
Бердібек А., Төленбай А., Ермекбай Ф.
Қабылдаған: Хибина Н**

Автомобиль жарақаты



- Жүріп келе жатқан автомобильдің сыртқы немесе ішкі бөліктерінен, сондай-ақ жүріп келе жатқан автомобильден құлаған жағдайда денеге түсетін механикалық жарақаттар автомобиль жарақаты болып табылады.

● Автомобиль жарақатының түрлері

- 1) жүріп келе жатқан автомобильдің адаммен соқтығысуынан жарақат алу;
- 2) автомобиль доңғалағының басып өтуінен жарақат алу;
- 3) жүріп келе жатқан автомобильден құлап жарақат алу;
- 4) автомобиль ішінен жарақат алу;
- 5) адам денесінің автомобиль мен басқа заттар арасында жаншылуынан жарақат алу;
- 6) жарақаттың аралас түрлері;
- 7) басқа да оқиғалар.

- 1) Жүріп келе жатқан автомобильдің адаммен соқтығысуынан жарақат алу. Автомобиль жарақаттарының 60%-іне дейінгісіне автомобильдің қағып кетуінен болады.
- 2) Автомобиль доңғалағының басып өтуінен жарақат алу; Бұл автомобиль жарақатының жеке түрі ретінде біршама сирек кездеседі. Автомобильдің басып кетуі жарақаттың басқа түрлерімен, мысалы, соғылумен немесе жүріп келе жатқан автомобильден құлаумен аралас болады.
- 3) Жүріп келе жатқан автомобильден құлап жарақат алу адамдар жай жүк машиналарымен тасылатын ауылдық жерде жиі кездеседі. Адамдар басым көпшілік жағдайларда машинаның қорабынан көбірек, ал кабинасынан сирегірек құлайды.
- 4) автомобиль ішінен жарақат алу қатты жүріп келе жатқан машиналар бір-бірімен соқтығысқан немесе машина әлдебір қозғалмайтын затқа соққан жағдайда, сондай-ақ автомобиль аударылғанда кездеседі.

Мотоцикл жарақаты



- Мотоцикл жарақатының ерекшелігі- оның маусымдарға, мотокөлік оқиғалары кезінде жүргіншілермен қоса мотоциклдің жүргізушілері мен жолаушыларының өте көп зардап шегетініне, сондай-ақ осы жүріп-тұру құрамының ерекшеліктеріне де байланысты.
- Жалпы алғанда, мотоциклден алынған жарақаттардың автомобиль жарақатынан жеңілірек болатынын атап өтке жөн, себебі мотоцикл басқа да көлік түрлерімен (автомобильмен, пойызбен, т.б.) соқтығысқанда ғана жағдай басқаша болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда мотоциклдің жүргізушісі мен жолаушыларының неғұрлым а

Мотоцикл жаракаты





- 1. Сомолеттың ішінде (ұшу кезінде)
- 2. Жерге соғылғандағы жарақаттар
- 3. Сомолеттың қағып кету жарақаттар



Сомолет ішіндегі жарақаттар:

- Жарылыстан, өрттен, бүтіндігінің кетуі, бүлінуі, басқа сомолетпен, құспен соғысып қалуы. Катапульттенген кезде адамдарда өзгерістер болады, мұндағы болатын динамикалық күштен анемия, көз көрмеу, естен тану, жерге соғылғаннан көптеген жарақаттар алу, ішкі органдар, бас миына қан кету, ішкі органдар орнынан қозғалып кету болады. Адамның жұмсақ тканьдері жұлынып, ұшуы мүмкін. (Катапульттену – орындықтарымен бірге жерге түсу).



Самолет жаракаты



- Ауада жарылғанда себеп бактан немесе соккыдан болады. Мұнда сомолет те адамдарда толығымен зақымданады. Бөлшектерді 300-500 м радиуста табуға болады. Ал, ауада жарылғанда 3 км дейінгі бағытта бөлшектерді табуға болады. Самолеттің құлаған жерінен 1.5 км маңайын да зерттеу қажет.
- Өлген денелердің бөлшектерін, тканьдерді тапқанда жанармай иісі сезіледі. Өрттен болған болса онда адам күйіп кетеді немесе уланады (көмірқышқыл) газымен. Өртенбей уланған жағдайда жоғарғы тыныс органдарында көмірқышқыл газының қара ізі қалады және тканьдерден 60-90 % карбоксигемоглобин табылады.

Темір жолда болған жарақатты зерттеу:

- **Сыртқы ортаны зерттеу**
 1. Адам сүйретілген орнын қарайды
 2. Дене бөлшегін қарайды
 3. Барлығының орналасуын
 4. Екі шетін біраз жерге дейін тексеру
 5. Транспорттан айғақтық дәлел іздеу
- **Белгілерді тексеру (өлікті, киімін, аяқ киімін тексеру)**
 1. Кесілген дененің әр бөлігін жеке жеке тексеру
 2. Өлікті айқындау үшін киімін тексеру
 3. Денесінде қалған іздер, жұлындар олардың формасы, размері, сипаты



Пойыздың соғуы



- Жүріп келе жатқан темір жол көлігінің соғуы — темір жол бойында алынатын жарақаттың ең жиі кездесетін түрі. Әдетте, электровоздың, тепловоздың немесе алдыңғы вагонның алдыңғы бөлігі адамның бүкіл денесіне соғады (басынан аяғына дейін), соған байланысты ауыр да қатты жарақат салынады.
- Соққы бастан тигенде бас сүйегі көп жерінен көрінеу жа-рықшақтанып жарылады және бас түрінің бұзылуы жиі кездеседі. Қабырғалар екі жағынан да көп жерден және бірнеше бағытта сынады. Соққы адамның артқы жағынан тиген жағдайда арқа еттеріне көп мөлшерде қан құйылады, жауырындар мен омыртқалар сынып, жұлын зақымданады. Пойыздан адам денесіне соққының қатты тиетіні сонша, сіңірлер мен дәнекер буындарға қан құйылуымен бірге, кеуде және іш қуысының ішкі мүшелері көп жерінен жарылып кетеді.
- Локомотив және электропойыздың алдыңғы вагоны соққан жағдайда адам денесі лақтырылып жіберіледі. Олардың төменгі бөлігі соққан жағдайда жіліншік сүйектері көлденеңінен жарықшақтанып сынады, ал одан жоғарырақ тиген соққыдан бөксе мен сан маңайына жарақат түседі, сондай-ақ жамбас сүйектерінің сынуы мүмкін. Сыртқы жарақаттар мен сүйектердің сыну сипаты адам денесіне тиген соққының бағыты мен жарақат алған кезде дененің қандай жағдайда болған-нын анықтауға мүмкіндік береді.

Трактор жарақаты

- Автомобиль сияқты, жүріп келе жатқан трактордың да жаяу адамның денесіне соғуы, оның денесін басып кетуі немесе оны қозғалмайтын басқа бір нәрсеге қысып-жаныштауы мүмкін. Сонымен бірге тракторшы мен жанындағылардың жүріп келе жатқан трактор кабинасынан құлап кетуі немесе кабинада отырып жарақат алуы да кездеседі. Трактор жарақаттарының бұл түрлері көбінесе араласып жатады: трактор кабинасынан құлағаннан кейін адамды трактордың доңғалағы немесе шынжыр табаны басып кетуі мүмкін. Сол сияқты жүріп келе жатқан трактор соғып өтіп, басып кетуі де ықтимал.
- Автомобильдерден айырмашылығы — доңғалақты тракторлардың кейбір түрлері ойлы-қырлы жерлермен жүріп келе жатқанда аударылып кетеді. Бұл орайда тракторшы мен жанындағылардың жарақаттары соққылар мен жаншылудың араласқан түрінде болады. Тракторлар аспалы және басқа да тіркемелі ауылшаруашылық, жол салатын, жер қазатын машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ әр түрлі шаналар мен арбаларды сүйретіп жүретіндіктен, сол машиналар мен жабдықтардың да адамға зақым келтіруі мүмкін.

Трактор жарақаттарын былайша бөлуге болады:

- 1) жүріп келе жатқан трактордың бір бөлігінің соғуы;
- 2) шынжыр табанды немесе донғалақты трактордың басып кетуі;
- 3) жүріп келе жатқанда трактордан немесе тіркемеден құлау;
- 4) трактордың кабинасында отырғанда жарақаттану;
- 5) трактордың қозғалмайтын затқа қысып-жаныштауы;
- 6) трактор жарақатының аралас түрлері:
- а) соққаннан кейін басып кету; ә) трактордан құлап, оның астында қалу;
- 7) тракторға тіркеліп келе жатқан құралдардан жарақаттану;
- 8) басқа да жағдайлар.





● Назарларыңызға рахмет!!!